

## Мемлекеттік қаржы ақпаратын жариялау туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 9 маусым N 941. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен. ~P000565

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6-тармағын орындау үшін және мемлекеттік қаржы ақпаратын жариялау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 10 маусымына дейін баспасөзде жариялау үшін республикалық, жергілікті бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлардың атқарылуының тоқсан сайынғы есебінің нысанын, сондай-ақ мемлекеттің жинақталған қаржы балансының атқарылуының жылдық есебінің нысанын әзірлеп, бекітсін;

есепті кезеңнен кейін 40 күннен соң орталық баспасөз органдарында мемлекеттік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды бөліп көрсете отырып, республикалық бюджеттің тоқсандық атқарылуы туралы ақпарат жарияласын.

2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына есепті кезеңнен кейін 40 күннен соң жергілікті баспасөз органдарында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша жергілікті бюджеттердің атқарылуының тоқсандық есебін, сондай-ақ берешектер бойынша: еңбекақы, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына журналар, электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі деректерді жариялау ұсынылсын.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры:

есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры және Қазақстан Республикасының Жол қоры бюджеттерінің атқарылуы туралы ақпарат, сондай-ақ 40 күннен кейін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

бекіткен нысандар бойынша жоғарыда аталған бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуы туралы тоқсандық есеп ұсынсын;

есепті кезеңнен кейін 40 күннен соң Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Қазақстан Республикасының Зейнетакы қоры, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры және Қазақстан Республикасының Жол қоры бюджеттерінің тоқсандық атқарылуы туралы тиісті ақпаратты, сондай-ақ берешектер бойынша: қорларға міндетті жарналар жөніндегі және қорлардан төленетін міндетті төлемдер жөніндегі деректерді жарияласын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есепті қаржы жылы аяқталғаннан кейін 3 айдан соң орталық баспасөз органдарында мемлекеттің жинақталған қаржы балансының жылдық атқарылуы туралы белгіленген нысан бойынша ақпарат жарияласын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі